**Ортаңғы №2 «Күншуақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы**
**Желтоқсан айы, ІІ-апта (07.12. -11.12.2020ж. )**

**Өтпелі тақырып:"Менің Қазақстаным."**
**Апталық тақырып:"Қазақстанның жануарлар әлемі."**
**Мақсаты:** Балаларға өздерінің Отаны туралы түсінік беру. Балалардың бойында рухани – адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, олардың патриоттық сезімдерін оятуға ықпал жасау. Өз туған жеріне деген патриоттық сезімге, өз Отанын сүйе білуге тәрбиелеу.
**Міндеті:** Отан деген сөздің мағынасын ұғыну. Өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 07.12.2020ж. | Сейсенбі 08.12.2020ж. | Сәрсенбі 09.12.2020ж. | Бейсенбі 10.12.2020ж. | Жұма 11.12.2020ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата – аналармен әңгімелесу** | 8.00-8.40 | Ата-аналар мен балалармен амандасу. Балаларды қабылдап, t өлшеу, тазалығын тексеру. | | | | |
| **Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)** | | **Саусақ жаттығуы:** Саусақтарымызды бір-бірлеп тұрғызып, аттарымен таныстырайық. Бас бармақ Балаң үйрек, Ортан терек, Кішкене бөбек, Шылдыр шүмек | **Дидактикалықойын: "Әр түрлі торсықтарды түстеріне қарай орналастыр" Мақсаты:**Әр түрлі торсықтарды түстеріне қарай орналастыра білуді үйрету. | **Санамақты үйрету. Мақсаты**: Тілдерін жетілдіру,санамақты жаттау, есте сақтау қабілетін жетілдіру | **Дидактикалық ойын:** "Бұл қай кезде болады?" **Мақсаты:** Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау, пысықтау тиісті белгілерін атату. | **Дидактикалық ойын: "Түсі қандай?" Мақсаты:** Балаларға түстерді үйрете отырып, оларды ажырата білулерін дамыту. |
| **Таңертеңгілік жаттығу** | | **Ертеңгілік жаттығу кешені:"Әуенмен"** | | | | |
| **Таңғы ас** | | Балаларға қолды дұрыс жууға, құрғатып сүртуге үйрету. Таза және ұқыпты тамақтануға қасық, кесе, сүлгіні орынды қолдануға және тамақтану кезінде аузын жауып жеуге үйрету. Балаларға тамақ ішкенде жан –жағына алаңдамай отыруға дағдыландыру.Тамақ ішіп болған соң майлықты қолдандыру. | | | | |
| **Ұйымдастырыған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | 8.40-9.15 | **Дидактикалық ойын:"**Көкөністерді құрастыру. Мақсаты:Балалардың есте сақтау қабілетін арттыру,көкөністерді | **Дидактикалық ойын:"**Қуыршақты киіндір." Қуыршақты дұрыс киіндіруге үйрету. Балаларға берілген | **Дидактикалық ойын: «Бұл қандай түс?»** Мақсаты: Балаларға түстерді ажыратуға үйрету | **«Мені кім шақырды?» ойыны Мақсаты:** Өз құрбы-құрдастарының | Берілген тақпақтарын сұрап,қайталату. Мақсаты:есте сақтау қабілетін арттыру.Берілген тапсырмаға тиянақты |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ажырату. | тапсырманы дұрыс орындауға тәрбиелеу. | | дауысын тани білуді дамыту. | қарау. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырлған оқу қызметтері** | 9.15-10.20 | **1"Қатынас" Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Қазақстанның орман мекендеушілері"** **Мақсаты:** Балалардың жабайы жануарлар мен оның балалары туралы түсініктерін байыту, жабайы жануарлардың сипаттық белгілерін байқай білуге, ажырата білуге үйрету, жануарларға деген жағымды көзқарасты тәрбиелеу, сұрақтарға толық сөйлеммен жауап беру іскерліктерін қалыптастыру. **2"Шығармашылық Математика негіздері Тақырыбы: «Жануарлардың тіршілігі»** **Мақсаты:** Балаларға екі затты ұзындықтары бойынша үстіне қою әдісін пайдаланып, ұзынырақ, қысқалау, ұзындықтары бірдей сөздерін салыстыруды үйрету. 1)**Әдіс-тәсіл**: | **2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кірпі»** **Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Қандай өзгерістер болатыны жөнінде әңгімелеу. Педагогке доп лақтыру және одан допты қағып алуды үйрету. Аяқпен қатты итерілуді қолдың қимылымен үйлестіріп, жартылай бүгілген аяқпен жеңіл жерге түсе білуді бекіту **3"Шығармашылық Музыка Тақырыбы : «Ақ қоян»** (Б. Аманжол) **Мақсаты:** Балаларға жануарлар: қоян, түлкі туралы түсінік беріп, ән айту. Балалардың музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру. | **1."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы:** Көлбеу тақтайдың бойымен төрт тағандап еңбектеуге, одан тез түсуге үйрету. Педагогке доп лақтыру және одан еркін қойылған алақанмен допты қағып алуын бекіту. **2."Қатынас" Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қоян қалай батыр болды»** әңгіме **Мақсаты:** Әңгімені тыңдап, оны түсіну, әңгімеге араласып, өзіне қойылған сұрақтарға жауап беруді үйрету, балаларға таныс әдеби шығармалардың үзінділерін драмалауға тәрбиелеу, балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету. **2"Шығармашылық" Сурет салу Тақырыбы: «Ұзын құлақ сұр қоян»** **Мақсаты:** Бірнеше бөліктерден тұратын | **2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Түлкі»** **Мақсаты:** Аяқпен қатты итерілуді қолдың қимылымен үйлестіріп, жартылай бүгілген аяқпен жеңіл жерге түсе білуді бекіту. Гимнастикалық орындық бойымен төрт тағандап еңбектеуге, одан тез түсуге үйрету. **1."Таным" Жаратылыстану Тақырыбы: «Қандай жануарларды білесің?»** **Мақсаты:** Жабайы жануарлар мен үй жануарлары олардын төлдері туралы түсініктерін байыту, жабайы жануарлар мен үй жануарларын сипаттық белгілерін байқай білуге үйрету, жабайы жануарларды үй жануардан ажырата | **2"Шығармашылық Жапсыру Тақырыбы: «Көжек»** **Мақсаты:** Қиылған кесінділерді қағаз бетінің кеңістігіне дұрыс орналастыру арқылы балаларды талғампаздылыққа тәрбиелеу, ұқыпты жұмыс жасауға жұмылдыру. **2."Әлеумет" Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Не қайда мекендейді?»** **Мақсаты:** Балаларды жабайы жануарлармен және олардың тіршілік ортасымен таныстыра отырып, олардың қайда мекендейтінін ойлау арқылы Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру.Өздеріне таныс жануарлардың сыртқы ерекшеліктері туралы білім беру.тірі табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарына тәрбиелеу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1.Ғажайып сәт.Көзімізді жұмып орманға саяхатқа шығамыз деп елестетеміз.<br>2.Орман мекендеушілерімен таныстыру.Аю шығып балаларға жұмбақ жасырады.<br>3.Аюмен қош айтысып,кері топқа келеміз.<br>4.Д/ойын:"Аңдардың балаларын тап."<br>5.Сергіту сәті.<br>6.Сұрақ-жауап,мадақтау.<br>2)**Әдіс-тәсіл**<br>1.Тосын сәт.Ішке Тазша бала келеді.Қолында тапсырмалары бар қорапшасы бар.<br>2.Керік пен қасқырды салыстыру.Ұзын жол мен қысқа жолды ажырату.<br>3.Д/ойын:"Байқағыш<br>4.Сергіту сәті. Сұрақ-жауап,мадақтау. | | пішіндерді үйлестіре білуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен, кіші, сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру, балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсіл:**<br>1.Жұмбақ жасыру.<br>2."Қоян қалай батыр болды"әңгімесін оқып беру.<br>3.Әңгіменің мазмұнын түсіндіру,сөздерін қайталату,түсінік сұрау.<br>4.Д/ойын:"Не артық?"<br>5.Қоянның суретін салу.<br>6.Сергіту сәті.<br>7.Сұрақ-жауап мадақтау. | білулерін бекіту, жануарларға деген жағымды көзқарасты тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсіл**:<br>1.Амандасу.<br>2.Көрнекілік арқылы үй жануары мен жабайы жануарларымен таныстыру.<br>3.Қостілділік:сиыр-корова,жылқы-лошадь<br>4.Д/ойын:Қай жерде мекендейді?<br>5.Сергіту сәті<br>6.Сұрақ-жауап,мадақтау.<br>. | **Әдіс-тәсіл:**<br>1.Амандасу.<br>2.Жабайы аңдар туралы қайталап,толық әр жануарды сипаттау.<br>3.Ішке қоян келеді. Көжегінен адасып қалады.Көңілін көтеріп ойын ойнатамыз.<br>4.Д/ойын:"Баласын тап"<br>5.Қоянға көжегін салып береміз.<br>6.Дайын болған суретті көжекке айналдырып қоянға береміз.Қоян рахметін айтып шығып кетеді.<br>7.Сергіту сәті.<br>8.Сұрақ-жауап,мадақтау. |
| **Серуенге дайындық** | 10.20-10.40 | Киімдерін ретімен киюге үйрету.Киімді дұрыс орнына жинауды жалғастыру,бір-біріне көмектесіп алғыс айтуға тәрбиелеу. | | | | |
| | 10.40-12.00 | **Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау.**<br>**Мақсаты:** Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту. | **1.Қардан кейін жерді бақылау.**<br>**Мақсаты:**Қардың үстінде қалатын іздерді тамашалау. | **1.Құстарды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Қыстап қалатын құс – торғай туралы | **1.Күнді бақылау.**<br>**Мақсаты:**Бұлттардың арасынан күннің көзі сиреп қалғанын бақылау. | **Көліктерді бақылау.**<br>**Мақсаты:**Көліктердің пішінін,түсін ажырату.Биік- |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | (қар жаууы, суық соғу)<br>**2.Еңбек:**Аланды жинау.<br>**3.Қимылды ойын:** "Жалаушаға қарай жүгір."<br>**4Жеке жұмыс** Мадинадан қыс ерекшелігін сұрау.<br>**5.Еркін ойындар** | **2Еңбек:**Ойын алаңын реттеу.<br>**3.Қимылды ойын**:Ақ серек,көк серек.<br>**4.Жеке жұмыс:** Аяна мен Аминаттан қыс айларын сұрау.<br>**5.Еркін ойындар:** | білімдерін дамыту. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>2.**Еңбек**:Құстарға жем беру.<br>3.**Қимылды ойын**:"Ұшты-ұшты"<br>**4.Жеке жұмыс:**Нұрасыл мен Аружаннан ата-анасынын мамандықтарын сұрау..**5.Еркін ойындар** | **2.Еңбек:** Ойын алаңын реттеу<br>**3.Қимылды ойын:**"Пойыз"<br>4.**Жеке жұмыс:** Мадина мен Нұрасылдан түстерді сұрау.<br>**5.Еркін ойындар** | аласа ұғымдарын бекіту.<br>**2.Еңбек:**Ойын алаңын жинастыру.<br>**3.Қимылды ойын:** «Торғайлар мен автокөлік»<br>**4.Жеке жұмыс:** Айзере мен Бекжннан пішіндерді сұрау<br>**5.Еркін ойындар.** |
| **Серуеннен оралу** | 12.00-12.20 | Балаларға сыртқы киімдерін шешіп, сөрелеріне ұқыпты жинауға дағдыландыру. Қолдарын таза жууға үйрету. | | | | |
| **Түскі ас** | 12.20-13.00 | Балаларға тамақтану кезінде тыныш отыруға дағдыландыру. Астарына дәмділік тілеу. | | | | |
| **Түскі ұйқы** | 13.00-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау | | | | |
| | | Жәй әуенді тыңдату арқылы жәйлі,тәтті ұйқыға жатқызу | "Шалқан"ертегісін айту арқылы ұйықтату | Жәй әуенді тыңдату арқылы тыныш,жақсы ұйқыға жатқызу. | Балаларды А. Қалаубаеваның «Ертегілер, ертегілер» әуенің тыңдату арқылы ұйықтату. | "Қызыл телпек" ертегісін оқып беру арқылы ұйықтату. |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары** | 15.10-15.40 | Балаларды ұйқыдан оятып,керілу,созылу жаттығуларын жасату.Төсек үстінде қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын,оң аяқтарын көтеру,екі аяғын бірге ұ стап түсіру. | | | | |
| **Бесін ас** | 15.40-16.10 | Балаларды тамақты ұқыпты ішуге дағдыландыру. Балаларға майлықты дұрыс қолдануға үйрету. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар** | 16.10-16.30 | **Вариативтік компонент:"Сиқырлы әлем."** **Тақырыбы**: "Үйшік" **Мақсаты:** Ертегідегі үйшік бейнесін шырпымен безендіруге үйрету, бейнені ұсақ бөлшектермен толықтыру. Шығармашылық ой-қиялын дамыту<br><br>Ақылбектен тақпағын айтқызуға үйрету. | **Сюжеттік рөлдік ойын: "Дәрігер"** **Мақсаты:** Әр мамандықтың иелерін құрметтеуге үйрету, ойынға белсенділік таныту.<br><br>Аружан мен Нұрасылдан түстерді ажырата білуге үйрету. | **«Үйшік» ертегісі** Мақсаты: балаларды ертегі кейіпкерлерімен таныстыру. Ой өрістерін қалыптастырып, ертегі қиялдарына шолу.<br><br>Аянат пен Аминаттан ертегі кейіпкерлерін сұрау. | **Сурет бойынша әңгіме құрастыру.** **Мақсаты**:Сөйлеу мәнерінің тәсілдерін сақтауға үйрету,сөздік қорларын молайту.<br><br>Нұрасыл мен Бекжанға айналадағы заттардың қандай пішінге ұқсас екенін айтқызу. | **Табиғат бұрышындағы жұмыстар:** Гүлдерге су құю,жапырақтарын сүрту.Топты жинау жұмыстарын ересектер көмегімен жүргізіп, кейбір еңбек әрекеттеріне ынталандыру<br><br>Мадинаға сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны,интонация) сақтауды үйрету. |
| **Серуенге дайынды** | 16.30-16.50 | Балаларға ішке киетін киімдерін сөрелеріне жинап, сырт киімдерін кигізу. | | | | |
| **Серуен** | 16.50-17.50 | **Құстарды бақылау** **Мақсаты:** Торғай мен көгершінді салыстыру. **Қимылды ойын:"Ақсерек,көк серек"** **Мақсаты:** Балаларды ұйымшылдыққа,шапшаңдыққа үйрету.Ойынды ойын барысында түсіндіру **Еркін ойындар** | **Кешкі ауа-райын бақылау.** **Мақсаты:**Қыс мезгілінің ерекшелігін сезіну **Қимылды ойын**: "Жалауша" **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу **Еркін ойындар** | **Көліктерді бақылау.** **Мақсаты:**Көліктердің пішіні мен түстерін ажырата білу. **Қимылды ойын**:Мысық пен тышқан" **Мақсаты**:Балаларды жылдамдылыққа,шапшандыққа үйрету. **Еркін ойындар**. | **Ағаштарды бақылау.** **Мақсаты:** Аласа ағаштардың негізгі бөліктерімен таныстыру. Өсімдіктер әлеміне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу **Қимылды ойын:** "Күн мен жаңбыр" **Мақсаты:** Балаларды шашыраңқы жан-жаққа жүгіруге және бір-біріне соғыспауға үйрету | **Қыс мезгілінің ерекшелігін бақылау.** **Мақсаты:**Қыс мезгілінің ауа райын сезіну. **Қимылды ойын:** "Қай жерден дыбыс шығады" **Мақсаты:** Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | **Еркін ойындар** |
| **Серуеннен оралу** | 17.50-18.00 | Аяқ киімдерін кіре беріс жерге шешуге,киімдерін ретімен шешіп,жинап қоюға дағдыландыру.Қолдарын дұрыс жууға үйрету.құрғатып сүртулерін қадағалау. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | 18.00-18.30 | Ата-аналармен балалардың тәртібі туралы сөйлесу. | Ата-аналарға төлем ақысын ұмытпауды ескерту | Ата-аналарға балаларды жылы киіндіруін ескеру | Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау. | Балалардың тазалығы туралы әңгімелесу. |